

ӘОЖ 070:316.334

### **ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ РЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ**

**Рыскельдинова Салтанат Болатовна,**

[Salta\\_918@mail.ru](mailto:Salta_918@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің 1-курс  
докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., профессор Сақ Қ.Ө.

Ғалымдардың ойынша, «қоғамдық өмір аясы, қоғамдық қатынастардың түрлері» әлеуметтік институттарды классификациялаудың негізі болып саналады [1, 56]. Қоғам қажеттіліктерінен туындаған маңызды институттар қатары бар. Оларға: саяси, экономикалық, білім, отбасы және діни институттар жатады.

Саяси институттар тобына, ең алдымен, мемлекетті басқаратын президенттік, парламентаризм институттары, атқарушы билік институты (үкімет, әр түрлі әкімшілік органдар), құқық, жергілікті өзін-өзі басқару, әскер, партия институттары, кәсіподақ ұйымдары кіреді. Олардың басты міндеттеріне белгілі бір саяси биліктің формасын орнату мен жақтау, идеологиялық құндылықтарды сақтау, қоғамдағы басыңқы әлеуметтік қатынастарды тұрақтандыру жатады.

Өз кезегінде білім институты білім алу шарттарын анықтайтын (бюджеттік негізде, коммерциялық, несиеге білім алу, гранттар мен атаулы стипендияларды тағайындайтын) билік орындарынан және басқа да үкіметтік емес институттардан тұрады. Сонымен бірге ол отбасы

институтына да тәуелді. Отбасында баланың тәрбиесі мен дамуына не құрлым көңіл көп бөлінсе, сол құрлым білім беру үдерісі табысты болады.

Жоғарыда келтіріліген институттардың өзара қарым-қатынасын бірде-бір әлеуметтік институт қадағалай алмайды. Кейбір әлеуметтік институттар қоғамға едәуір ықпал ететін өзге институттарды уысында ұстап, оларды қадағалауға талпынады. Мысалы, билік институты мен саяси ұйымдар және дін білім институтын қадағалауға әрекет жасайды.

Ал, журналистика өз кезегінде осы аталған институттармен тікелей және тығыз байланыста өз қызметін жүзеге асырады. Алғашында журналистика рухани және моральдық институттар қатарына жатқызылып, оның көпшілікке тәрбие мен білім беру қызметі басымдыққа ие болғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Алайда, XIX ғасырда журналистиканың басқа да қызметі анықталды: басқа өнеркәсіп салалары сияқты капитал жинақтау өндірісіне айналды. Бұл толығымен XX ғасырда расталды. Баспасөздің шоғырлану мен монополизация үдерісін тездетуі, көбіне шексіз пайда табумен байланысты болды. Демек, журналистиканы экономикалық институт ретінде де қарастыруға болады. Осылармен қоса, ол ұрпақтан-ұрпаққа мәдени құндылықтарды аманаттап отыратын мәдениет институтына да жатады.

Журналистиканың тап осы алуан түрлілігі оның міндеттерін айқындауда және қызметінің мақсаттарын анықтауда қиындықтар туғызады. Айталық, журналистиканың көпшілікке саяси ықпал ету күші мықты екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Сол себептен билік институты қоғамды басқаруда басқа институттарға емес, көбіне журналистикаға сүйенеді. Оның себебі де бар. Бүгінгі постиндустриалды қоғамда халықты ертедегідей күш көрсету арқылы өзіне бағындыруды іске асыру емес, керісінше психологиялық тұрғыда ақпараттық қысым жасау арқылы бағындыру маңызға ие. Ол, әрине журналистикасыз жүзеге аспайтыны белгілі. Осы құбылыс журналистиканың саяси институттар қатарына қосылуына бірден-бір себеп болуда. Журналистиканың заң шығарушы, атқарушы және сот билігінен кейінгі «төртінші билік» ретінде қарастырылуының мәнісі сол. Қазіргі уақытта көз алдымызда интернеттің билік институтына қосылу үрдісі қарқынды жүріп жатыр. Интернеттің төңірегінде болып жатқан, оның қызметінің ережесі, қолдану аясы туралы даулар, міндетті түрде ақыр соңында қызметінің рәсімделуіне, заңнамалық шешімдер қабылдануына әкелуде.

Барлық елдерде билік журналистиканы өзіне бағындырып, халыққа әсер ету тетігі ретінде пайдалануда. Осындай әлеуметтік институтты бағындыру үшін жетекшілерді таңдау – ықпалды құрал болып саналады. Сонау пролетарлық баспасөз пайда бола бастағаннан Маркс пен Энгельс баспа редакторларына іс-әрекеттеріне есеп беру міндеттілігі жайлы, партияның бағдарламалық және тактикалық нұсқаулықтарымен жүру керектігі туралы мәселелерді жиі көтерген. Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар интернационалдардың басқарушы органдарына әрдайым өздерінің баспасөзін қадағалап отыруын міндеттеді [2,434]. Алайда, ол уақытта қатаң әкімшілік бағынышта ұстау жүзеге асырылмаған болатын. XIX ғасырдың 70-80 жылдарына жататын Энгельс пен Маркстік пікір, баспасөзді партияның бақылауына алу туралы түсіндіру, сендіріп, иландыру еді [3,175].

Кенес одағы кезіндегі партиялық басқару журналистиканың барлық іс-әрекеттерінің негізі болатын ұстанымдар аясында БАҚ-ты уысында ұстады. Коммунистік партия жетекшілері редакторларды ғана емес, сонымен қатар бөлім меңгерушілерін, меншікті және арнайы тілшілерді де тағайындайтын билікті қолында ұстады. Барлық БАҚ-тың ағымдағы және келешектегі редакциялық жобалары партиялық комитет арқылы қарастырылып, бекітілетін.

Батыс Еуропа елдерінде формальды тұрғыда журналистикаға ашық әрі қатаң қысым көрсетілмегенмен, басқаратын жетекшілері арқылы оның іс-әрекетіне әсер етуін байқауға болады. Әсіресе, қысымның ең басты құралы - қаржыландыру көзі болды. Осындай жағдай қазіргі уақытта біздің елде көрініс тауып жатқанын байқауға болады. Журналистиканың бостандығы қанша керек болса, сонша берілуде, бірақ бұл бостандық материалдық тұрғыда қамтамасыз етілуі керек. Типографиялық жабдықтар, қағаз, пошталық шығындар, шығармашылық және техникалық қызметкерлердің еңбек ақысы – осының барлығы қомақты қаржыны талап етеді.

Журналистика – бүкіл әлемде құрметке ие және елдің көз алдында бақылауда болатындықтан да, сынға көп ұшырайтын мамандық. Басқа кәсіп иелерінің қателіктерін халық көп біле бермейді, ал журналистің олқылығы бірден жария болады. Себебі, оның айтқандарын миллиондаған адам тыңдап, көріп, оқып отырады. Бізге үлгі-өнегені алыстан іздеудің қажеті жоқ.

Кешегі Алаш азаматтары нағыз идеал болуға әбден лайық. Олар халыққа қалтқысыз қызмет етудің нағыз үлгісін көрсетті. Кейінгі кезеңде журналистика табыс көзіне де айналып келеді. Біз оны дұрыс емес деп те айта алмаймыз. Бірақ журналистика тек пайда табудың құралына айналып кетсе, онда қоғамда үлкен қақтығыстар туғызуы мүмкін. Оған жол бермес үшін журналистика қоғамның бейбіт дамуына қызмет етуге тиіс. Яғни, қазақ журналистикасы, ең алдымен, халықтың білім-білігін, талғамын арттыруға қызмет еткені жөн.

Журналистиканың әлеуметтік институт ретінде «сегіз қырлы, бір сырлы» болуы жиі сөз болып, жиі көтеріліп жатады. Қоғам мен журналистика бір-бірімен өте тығыз байланысты. Қоғам қандай ала-құла болса, журналистика да дәл сондай. Дегенмен есте болатын бір жай, журналистер тек биліктің сойылын соғушы емес, халықтың атынан сөйлеуші. Халық көп. Әркімнің айтар ойы бар. Оны кім жеткізеді? Әрине, журналистер жеткізеді. Міне, Ахмет Байтұрсынұлының баспасөз халықтың құлағы, көзі, тілі деп отырғаны осыдан туындайды.

Журналистиканың қоғамдағы тағы бір ерекше қызметі – ол атқарушы билікті үнемі түрткілеп, оятып отырады. Айтатын кезінде айтып, сынайтын кезде сынап та алуға құқылы. Олай болмаса, билік халықтан алыстап кетуі мүмкін. Дамыған өркениетті елдерде қоғамдық пікір бәрінен жоғары тұрады. Ол пікірден сол елдің билігі именеді, аяғын тартады. Ал, сол қоғамдық пікірді жасайтын, қоғамнан-билікке, я болмаса биліктен қоғамға жеткізетін кім? Тағы сол журналистер. Міне, сол себепті де оны кейде баламалап «төртінші билік» деп атайды. Яғни, мейлі ол мемлекеттік БАҚ болсын, тіпті жекеменшік ақпарат көзі болсын, қай уақытта да тек халықтың атынан сөйлегенде ғана өзінің қызметін толық әрі әділ атқара алады. Аудиториясының сүйіктісіне айналады.

Журналистика барлық өмір саласымен етене байланысады. Барлығымен үйлесе байланыс орнатады. Барлық институттарды байланыстыратын көпір десек те, артық болмас.

Журналистиканың әлеуметтік институтар арасында алатын орны туралы қорытындылап айтар болсақ, саяси институтпен – билік жүргізу үшін, қоғамды басқару үшін; экономикалық институтпен – тауарды тұтынушыға ұсыну, жарнама, пиар жасау, ақша табу үшін; отбасы институтымен – отбасында болатын мәселелерді, бала тәрбиесі, ерлі-зайыптылар арасындағы мәселелерді шешуге көмектесу үшін; білім институтымен – танымдық материалдар арқылы тұлғаның қалыптасуына, дүниетанымының, көзқарасының қалыптасуына көмегін тигізу үшін; дін институтымен – діни көзқарастың қалыптасуына, басқа діндермен салыстыра алуына, насихаттық, үгіттеу функцияларын атқару үшін тығыз байланысады. Осыдан журналистиканың барлық әлеуметтік институттармен тығыз байланыста болуы оның қоғамдағы алатын орнының маңыздылығын айшықтайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Павленко П.Д, Савинов Л.И. Социология /Учеб. пособие. – М.,2007. 5 б.
2. Маркс К.,Энгельс Ф. Соч., т.16. 434 б.
3. Гуревич С.М. К.Маркс и Ф.Энгельс – основоположники теории коммунистической журналистики. – М., 1973. 175 б.